

ӘОЖ 82.03; 82:81'255.2

Г. Әбдиман,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің II курс магистранты,

Алматы қ. Қазақстан,

e-mail: gulizat@gambler.ru

Ғылыми жетекшісі – ф. ғ. д. профессор А. Кенжебаева

Ақбілек – қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің көркемдік шыңы

Мақалада XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі Ж. Аймауытовтың «Ақбілек романындағы» әйел бейнесінің жасалу жолдары қарастырылады. Романның бас кейіпкері Ақбілек тұлғасын сомдаудағы жазушы шеберлігі, ондағы портреттік бейнелеудің ұлттық табиғи нақыштар, әйел образын жасаудағы дәстүрлі қалып пен жаңашыл ізденістер ғылыми тұрғыдан тұжырымдалады. «Ақбілек» романындағы әдеби-көркемдік жетістіктер шығармадағы әйелдер бейнесінің бай галереясы арқылы айқындалып, олардың әрқайсысының өзіндік болмыс ерекшеліктерінен көріс табатындығы жете зерделенеді. Сонымен бірге Ақбілек бейнесі қазақ әдебиетіндегі әйелдер образын сомдаудағы жаңа бағыт екендігі ғылыми талдау негізінде нақты дәлелденеді. Мақалада романда қазақ қызына тән ұлттық тәлім-тәрбиеден қалыптасқан мінез-құлық ерекшеліктері суреткер шеберлігі арқылы типтік бейне жасаудың алғы шарты ретінде көрініс табатындығы жан-жақты айқындалған. Әйел сұлулығын суреттеудегі көркемдік белгілер ұлттық бояу-нақыштан тамыр тартып жатқандығы ұлттық прозаның өзіндік ерекшелігі екендігі зерделенген. Романдағы Ақбілектен басқа да әйел бейнелерінің жасалуы, олардың бір-біріне ұқсас өзіндік ерекшеліктері шығарманың тақырыптық болмысын байыта түсетіндігі ғылыми тұжырымдалған.

Түйін сөздер: образ, идеялық-тақырыптық жоспар, портрет, ұлттық сипат, роман, әйелдер образының галереясы, жазушы шеберлігі.

G. Abdiman

Akbilek as an example of perfect description of the woman character in the Kazakh literature

The article deals with the female image creation in the novel of the outstanding Kazakh writer Zh. Aymautov's «Akbilek». While describing the head personage of the novel, the author skillfully depicts the national natural style of the Kazakh woman Akbilek. His way of creating the female character, her traditional image and innovative techniques are substantiated scientifically. Literary artistic achievements in the novel «Akbilek» are its rich gallery of female images. The writer artistically describes the peculiarities of the national gender upbringing, individual features of the female character. The article shows that Akbilek's character is a new direction of creating female characters in the Kazakh literature. The peculiarity of the national prose is that description the beauty of women has roots in the national style. The article convincingly shows that the creation of other female characters, in addition to the image of Akbilek, also enriches the ideological and thematic plan of the novel.

Key words: character, ideological-thematic plan, portrait, national character, novel, gallery of female images, author's mastery.

Г. Абдиман

Акбилек – художественная вершина образа женщины в казахской литературе

В статье рассмотрены принципы создания женского образа в романе «Акбилек» выдающимся деятелем казахской литературы 20 века Ж. Аймауытовым. С научной точки зрения рассматриваются мастерство писателя в изображении главного персонажа романа – Акбилек, национальные, при-

родные особенности портретного описания, традиционные и новые приемы в создании женского образа. Литературным, творческим достижением в романе «Ақбілек» является богатая галерея женских образов. В романе писателем всесторонне показаны особенности гендерного национального воспитания, индивидуальные грани женского характера. В статье показано, что изображение женской красоты несет печать национального колорита, что это является особенностью прозы Ж. Аймауытова. В статье аргументировано показывается, что создание других женских образов, помимо образа Ақбілек, также обогащает идейно-тематический план произведения.

Ключевые слова: мастерство писателя, образ, идейно-тематический план, портрет, национальные особенности, описание, галерея женских образов, роман.

XX ғасырдың басындағы алғашқы қазақ романдарында әйел бейнесі алғы қатарға шыққаны белгілі. Бұл жанрындағы қазақ әйелінің бейнесін сомдауға әдебиетімізде тұңғыш түрен салған Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы», оған ілесе шыққан Спандияр Көбеевтің «Қалың малы», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлуы» әйел теңдігі арқылы жеке бас бостандығы тақырыбын көтерді. Сол алғашқылардың бірі болған Жүсіпбек Аймауытов қазақ классикалық романының төлбасына саналатын «Ақбілек» романында адам тағдырын ел тағдырымен бірлікте алып, қоғамдық ортаның саяси-әлеуметтік ахуалымен тығыз байланыста суреттейді. Егер аңдап қарар болсақ, олардың қай-қайсынан да тәуелсіздік идеясының көрінісін тану қиын емес. Өткені олардағы оқиға өрбуінің тынысы адам еркіндігінің болмысымен тығыз байланысты болып келеді.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы қазақ прозасын үлкен бір белеске көтерген күрделі шығарма. Автор қазақ қызы киліккен қасіретті көрсету арқылы аласапыран тұстың озбырлық бейнесін ашады. Оны сол нәубеттен, тағдыр талқысынан құтқарған жаңа өмір салтымен бірге кейіпкер бойына жинақталған ерік-жігер құдіреті екендігі романда айрықша ақындалған. Ұланғайыр уақыт пен жалпақ кеңістікте тағдырдың тар қапасына қамалған Ақбілек қасіретін оның өзін қоршаған ортаның қыспағына іштей қарсылығы мен адами күресін автор психологиялық талдау арқылы кейіпкер жан дүниесіне бойлай отырып ашады.

Осынау қос ғасыр тоғысындағы қазақ қоғамы болмысын қазақ қызының қиын да қорлықты өмір сәті арқылы танытуға бағытталған романның арпалыс пен күрестен тұрар өмір күйінің тиегін ағытуы қалай десеңізші!!!

«Ақбілек» романынан ілкі көзге шалынатын Жүсіпбек Аймауытов қаламына тән бір белгі – ақынжандылықпен құбылта жазар қалам жүйріктігі. Бұл стиль оның кейінгі жазушылық шеберлігінің айқындауышына айналды десек

те болады. Қаламгер ырғақты ұйқас үлгісімен төгіліп түскен жолдар арқылы оқырманды ә, дегенде-ақ, өзіне еріксіз баурай жөнеледі. Қаламы жүйрік жампозды өзіне сөз берелік: «Өскеменнің аржағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күз күзеткен Күршім бар.

Алтай, Күршім не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал. Күні жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы марқакөлі, Марқакөлі алқалаған – ақ ауылды Алтай елі».

Иә, шығарма төгіліп түскен шұрайлы тіл өрнектеген Алтай табиғатының таңғажайып сұлу суретіне оқырманды осылайша тамсантады. Сөйтіп жазушы тебірене жазған сұлу Алтай, сол Алтайды мекен қылған сұлу арулар тағдыры кімді болса да қызықтырып, шытырманды оқиғалар иіріміне, тылсым сырлы сезімдер тереңіне тарта жөнеледі.

Романның құрылымдық жүйесі Ж. Аймауытов шеберлігінің бір ерекшелігі ретінде танылады. Автор бірде баяндай отырып кейіпкерін сөйлетіп, шешуі қиын жұмбақтың сырын тарқатса, енді бірде тыңнан қосылған жаңа сарынды сюжет дамуының жаңа бір белесіне айналдырып жібереді. Оның бәрі бас кейіпкер Ақбілектің тартысты тағдырының үш кезеңімен жымдасып кеткен бүтіндік табады. Сондықтан шығарманың жалпы даму желісінде бірде-бір оқшау оқиға, қисынын таппай тұрған тосын сюжеттер жоқ.

Жалпы Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында кер заманның ең бір құбылмалы тұсында сынға түскен қазақ қызының жігер-қайраты мен ақыл-парасаты арқасында өз ортасынан озып шығып, биік қоғамдық сатыға көтерілуі көркем бейнеленген. Романның бас кейіпкері Ақбілек – әке-шешесінің көзінің ағы мен қарасындай ерке өскен, ажарына ақылы сай елге сыйлы ару. Жазушының Ақбілек портретін сомдауы да сонша

сырлы: «Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айы-күні – сұлу қызы, алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, былдырлатып, ақ көйлегін көлеңдетіп...». Ал енді жазушы кейіпкер портретін шығарманың өн бойындағы салмақ-сапасына, оқиғалар желісін дамытуға орай түрлендіріп отырады.

Орыс ортасынан оралғаннан кейінгі Ақбілектің мінезделуін жазушы Бекболаттың көзқарасы арқылы танытады: «... алғаш барып көргендегі оның түрі қандай еді! Маңдайы қасқып, мойны қаздыып, көзі мөлдіреп, ерні үлбіреп, үріп ауызға салғандай жұтынып, сүйріктей еді-ау! Тал бойында бір міні жоқ, жаңа шығып келе жатқан сүйріктей еді! Шашбауын сылдыр еткізіп, сып етіп түре келгені, тізесімен ақ көйлегін серпе тастап, аяншыл бедеудей кербездене аяқ басқаны, тысқарыда жүріп, жеңгесімен сыбырлап сөйлесіп, дауысы күмістей сыңғырлап, тәп-тәтті күлгені; әнтек жылмиып келіп, шай жасап, өп-өтірік сызылғансып, үш саусағының ұшымен шын-аяқ әпергені, салалы қою кірпігін салмақпен қағып, анда-санда көз астымен бір қарап қалғаны;... «Қош болыңыз» дегенде, көзін жалт еткізіп, басын әнтек изеп, артынан қарап қалғаны, – бәрі-бәрі сондағыдай сайрап көз алдына келеді».

Міне бұл бір кездегі бақыттың бесігінде тербелген Ақбілектің сүйген жігіт көзімен бедерленген сұлу суреті. Автор бұдан кейінгі оқиғалар дамуында Ақбілектің портретіне біртіндеп жаңа қажетті сипаттарды қосып отырады. Сол арқылы біз Ақбілектің мінездеме суреттерімен толығырақ таныса түсеміз. Сондықтан да біз Ақбілекті қашан да болса, қандай бір жағдайда болмасын соншалықты бір жылықпен қабылдаймыз. Ол романдағы қат-қабат оқиғалар тұсында әр кезде-ақ сезіліп тұрады.

Кейіпкердің жан-дүниесі өз басынан өткерген қиындығы мен қияметі жетерлік оқиғалар үстінде ашылады. Ақбілек қасіреті жалғыз оның ғана емес, зобалаңды заманда бастарына қара бұлт үйірілген, тағдыр талқысына түскен қазақ қыз-келіншектерінің ортақ қасіреті болатын.

Уақыт куәгері Жүсіпбектің жүрегіне ақ әскерінің осындай айуандық қылықтары жазылмас жара салған-ды. Уақыт өте келе, көрген мен түйгеннің пісіп-жетілген көркемдік болмысы суреткер қолына қалам алдырды.

Бұл шығарма – жазушы көкірегінде ұзақ піскен, қайнауы әбден қаныққан ізденістің жемісі. Автор Ақбілек қасіреті арқылы зұлмат жылдар халық басына төндірген қасіретті ашуға ұмты-

лады. Ары тапталған ардақтаған ару тағдыры – құлдықтың құрдымына бет алған ұлт тағдырының символы іспетті.

Ұлтымыздың тәрбиелік, салт-дәстүрлік ұғым-танымы тұрғысынан алғанда, Ақбілек тап болған жайт – адам төзгісіз қасірет!..

Бірақ айуан мінездес қаракүштің дүлей соққысына қарсы тәні таза, жаны пәк, ары аппақ сүттей нәзік қыз қалай күреспек, не айла етпек?!.. Жазушы қолға түскеннен соңғы есін жиған тұста Ақбілек алдына осындай сұрақ тартады. Суреткер сол сәттегі Ақбілек жан-дүниесіндегі қиналысты, жүйкеге ауыр салмақ артқан күйзелісті кейіпкердің ішкі әлемінің астарын аша отырып бейнелі жеткізеді: «Өңі-түсі екенін біле алмай, көзі алас ұрып, қостың ішін сипай сүзіп шықты да, түндегі оқиға есіне түскенде, қайнап шыққан бұлақтың көзіндей, жасы мөлтілдеп, жылап ағып қоя берді. Саңғал киізден сығалап, аңғал шуақ Ақбілектің бетіне түсіп, жайраңдаса да, телегей аққан жасын құрғатуға септігі болған жоқ; жанын жанышқан қараңғылық жарық дүниені аңсатты, әйтседе жарық сәуледен көзін біржола жұмбады, құтылмасына көзі жеткен соң, тым болмаса мына саусылдаған сары қолдың ішінен бір сытылып, даланы бір көргісі келді.

... Төрт құбыладан бірдей үстіне төніп тұрған ақар-шақар тауларға да, тауға біткен үйірім-үйірім сабалақ жүнді орманға да, тау басында қалықтап жүрген бүркітке де, тауға тырмыса жайылып жатқан құмырысқадай жылқыға да, қостан аулағырақ өзен құлай шыққан шок-шок бұтаға да Ақбілектің көзі тоқтап тұра алмай, сырғанап келіп, жерошақ басындағы қазақтың қара құманына, қара астауға, шырық шөмішіне тоқтады. Орыстың қолына түскен әлдекімнің шөміші екен? Сорлы шөміш! Мен де сенің сыңарың ғой дегендей, мұңдасқандай, көзіне тағы жас алды».

Жазушы адам жан дүниесінің қыр-сырына қалай бойлайды десеңізші! Кеше ғана «Мамырбайдың Ақбілегі» атанып «ақ көйлегін көлеңдетіп» жүрген күндер де, көз жанарын ұрлайтын көріністер де енді оған жат, сұрықсыз, керісінше, жайда көңіл тоқтамайтын қарапайым ғана заттар қандай ыстық көрінеді Ақбілекке! Өйткені жансыз болса да олар – туған жұрттың көзіндей жәдігерлер. Ақбілекпен олардың тағдыры бір іспетті. Олардың өзіндей харамның қолжаулығына айналған мұңдастардай көзіне оттай басылуының сыры осында. Жазушы осыны қалт жібермей, тасқа басқан маржандай мөлдіретіп жеткізеді.

Ақтардың қолына түсіп, орыс әскерлерінің қорлығына ұшырап, ауылына оралу – күнәсіз де пәк қыз үшін өте ауыр масқара іс. Міне, осы сәттегі Ақбілектің іштен тынуын, өзімен-өзі арпалысуын, шешімге келуін автор психологиялық талдау арқылы танытады. «Ақбілек әкесінің оңашада бір ауыз тіл қатпағанына қапа болды. Ол түгілі әкесі Ақбілектен оңаша қалудан қашатын тәртізді. Әкесі мен екеуінің арасын қара мысық кесіп өткендей, бір өткелдің түскенін Ақбілектің жүрегі сезеді. Әкесінің қабағы қашан жадырар екен, қашан жылы қарар екен, қашан тіл қатар екен?.. деп сарылып, сарғайып күтеді; әкесінің көзі түсер ме екен деп, жансыз аңдып та отырады. Бір қараса қайғысы жеңілдейтіндей, бақытты болатындай көреді. Сонда да әкесі көз салмайды. Енді Ақбілекке шешесінің өлімінен мынау қатты батты».

Жазушы әке мен бала арасындағы қатынас арқылы Ақбілек тағдырының қиынды қырларының сан салалы қыртыстарын ашады. Жаны нәзік, болмысы берік қыз бен ойы бұзық жұрттың арасындағы ой алшақтықтың адам аспас асуының биігі осылай алынады.

Ақбілек қарапайым қазақ қызы болғанымен, оның ең басты ерекше қасиеті – сезімталдығы. Оны көп қиындықтан құтқарған да осы сезімталдық. Ол ең алдымен, Қарамұрт офицермен қарым-қатынасы кезінде анық сезіледі. Алғаш көргеннен – қоштасқанға дейінгі аралықтағы іс-әрекет, ішкі құбылыстан біз осы қасиетті анық танимыз.

Жазушы жаны жаралы, көңілі қаралы қыздың өмір мен өлім күресі сәтінде ішкі түйсікті арпалысын терең тебіреніспен жеткізеді. «Алды-арты тұйық, қараңғылық, не болары белгісіз... Сонда да Ақбілек тірі, Ақбілек сұлу... Ол елден асты: қазақ тұрсын, атағын орыс естіп, іздеп келіп, алып қашты... Орыс біткен бұған бола қырқысты. Кім біледі, тірі болса үмітсіз сайтан. Өз еркімен келіп отырған жоқ, қара күшке тағдырға не шара? Жамандығынан мұндай болған жоқ... Ақбілекті кім жазғыра алады? Малына, жанына ие болып отырған қай қазақ бар? Азар болса, жазықсыз құрбан болып жатқан көп қорғансыздың, көп сорлының бірі шығар.

Ойдан ой қуып, басы даң боп, шапанының етігіндегі май тамғанға қарап отырғанында, тым-тырыс күте қалған қарамұрттың ыстық қолы қолына келіп тиді. Ақбілек қабағын ауыр бір қағып, «менде не ерік бар?..» дегендей, терең қасіретпен оның бетіне қарады. Қара мұрт тілмәшіне иек қағып шығарып жіберді де, Ақбілек-

тің қолын өзіне тартып, ерніне апарды. Ақбілек қасарысқан жоқ».

Жауыздық пен қатігездік шегіне жетіп тұрған ортаға түскен «тағы» қыздың тағдырына арашашы болған қарамұрт қан жылаған жүректің түнегін түрген сезімнің ақ сәуле шуағы еді. Ол тағдыр тәлкегіне ұшыраған қыздың соңғы үміті, жантүршігерлік ортадағы қорқыныш пен үрейді сезімге жеңдірген тірегі де.

Екіншіден, барша қиындыққа төзе білген Ақбілек – батыл да шешімшіл қыз. Оны атып кетуге бекінген Қарамұрттың оғынан құтқарған да осы батылдық. «Алтыатарын алып, Ақбілекке кезене бергенде, Ақбілек шаңқ етіп, безілдеп кезеулі мылтыққа қарсы жүгірді. Қарамұрттың кезенген қолы сылқ етті. Алты атары жерге түсіп кетті».

Қорлық атты қаратүнектің құрсауынан ерікті билеген ерке сезім құтқарған қыздың ажалға қарсы шабуы, осынау шын махаббаттың құдіретіне сенгендік еді. Жүрегінде қатігездіктен қуат алған қанішерлік пен пәк сезімнің тылсым күші қатар арбасқан қату қабақ, қанды қол орыс офицері қыз жанарынан осыны ұқты, ұқты да аз уақыт болса да алданышына ғана емес, шынайы махаббатына айналған аруды өлімге қия алмады.

Ақбілек табиғатындағы бұл қасиеттің психологиялық дәлелін жазушы оның қараңғы түндегі қамаған қасқырмен арпалысынан да аңғартады. Кейіпкердің қорқынышын ақылға жеңдірген де осы батылдық болатын. Өмір мен өлім арпалысқан осы бір сәтте жазушы кейіпкер психологиясына терең бойлап, ол тұрғыдағы оқырман танымын бекіте түседі.

Мұндағы автор қолданған әдістің бірі, шығармашылығының ерекшелігін айқындайтын көрсеткіш көзі – монологтар. Ж. Аймауытұлы өз ойын кейіпкер сырымен астастыруда осы бір әдістің небір түрін шебер қолданады. Ж. Аймауытұлы монологтары ойлау, армандау, еске түсіру, диалог іспетті құбылып келе береді. Олар көбіне кейіпкердің ішкі әлемін, мінез құлық сипатын терең ашуға қызмет етеді.

Ақбілек тағдырының тауқыметі мұнымен бітпейді. Оны алда ет-жақындарының, тілі бір тілдесінің, діні бір діндестерінің қорлығы күтіп тұр еді. Төсек жаңғыртқан әкесі Мамырбайдың катал мінезі, өгей шеше Өріктің өсек-аяңы, айттырған жігіті Бекболаттың суынуы – Ақбілек алдынан тосқан «тағдыр сыйы», өмір сыны. Ақбілек жүрегіне қосымша жүк артқан сол күндердің қасірет күйін жазушы кейіпкер ойы арқылы былай береді: «Бір қайғының үстіне бір қайғы

жамылып, Ақбілек ең соңғы алданышынан айырылғандай, ойын қара тұман басты. Кешегі «өлгенім жақсы еді», деген ой тағы келді. Өзін бұл дүниеге керексіз, артық адамдай, жұртта қалған бұралқы, жұрым күшіктей көріп, табан тірерлік, сүйенерлік, аяқ астында алақандай жер қалмаған адамша жаны түршігіп, жүрегі ауызына тығылып, көзінің жасы көл болып аға берді, аға берді...».

Осынау қорлық пен мазаққа Ақбілекті шыдатқан қандай күш?! Ол – Ақбілек бойындағы үшінші қасиет – төзімділік. Жаны нәзік қыз болғанымен, Ақбілек керемет қайсар. Бұл оның өзі сезінбегенмен, туа біткен табиғатында бар қасиет. Автор Ақбілек бойындағы мұндай ерекше қасиетті әрбір қажетті сәтінде, керек кезінде ашып отырады. Мәселен Орынбордағы оқу кезіндегі қиындықтарды жеңе білу де оның осы төзімділігінің арқасы. «Бес жүзге тарта бала бар. Үй тар. Отын кем. Жұмасына бір жаға ма, жақпай ма. Үйдің іші былғаныш, сасық. Көп бала сасытпай тұра ма? Тесікті ашсаң, азынап суық кіреді – ауырып қаласың. Ашпасаң тұншығып кете жаздайсың. Оның үстіне тамақ та жайсыз. Ашаршылық жылы ғой. Таласып тармасып, күніне жарты қадақ нан, бұлдыры жоқ картоп салған сорпа ішесің. Кешке бір қайнаған су. Оқу оқып жетілгеннен бұрын, аштан өле жаздадық. Талай бала ауырып шығып кетті. Өлгендері де болды. Қыстың аяғына жете алмай, мен де жүдеу басқа айналдым».

Жазушы кейіпкерін жиі сын тезіне салып, сын сағатындағы мінез-құлық иірімдерін, ішкі жан дүниесін тап басып танытады.

Ақбілектің оқу іздеп шығуы да дәлелді. Ақтар арасында болғанда Ақбілектің тәніне ғана емес, жанына да өзгеріс енген еді. Өзі түсінбегенмен, оның жанына өзге бір әлем, өзге бір қарым-қатынас дәнін еккен Қарамұрт болатын. Ол ауылдан бекер кеткен жоқ, санасына жарық түсірген болымсыз сәуленің шырағын іздеп кеткен-ді.

Арада бес жыл өткеннен кейінгі Ақбілек – енді мүлде бөлек жан! Көкірек көзі ашылып, санасы жетілген, білікті де білімді адамды көреміз. Балташтай өзіне тең серігін тапқан Ақбілек – тағдырмен күрестің жеңісін көріп, жемісін татқан бақытты әйел. Оның жан жарасын жазған көзі ашық, көңілі ояу, қадірін білер Балташты кездестіруі немесе ұлы Ескендірмен табысуы ғана емес, сонымен қатар санасына нұр шашқан оқу-білім қуаты.

Жүсіпбек кейіпкерлері туралы аймауытовтанушы ғалым Р. Тұрысбек: «Романда жекеленген

бейнелердің монологтары, өмірдегі мұраты мен міндеттері айқын бейленген» [1, 61], — деген түйін жасайды

Жүсіпбектің кейіпкер жан-дүниесін ашудағы шеберлігіне: «Жазушының палитрасы өте бай. Бірде автор атынан төгілте әңгімелесе, бірде кейіпкерлердің өзіне сөз беріп (офицер, Бекболат, Мұқаш) олардың өздерін сөйлетеді. Енді бірде автор кейіпкерлердің жан дүниесіне еніп, солардың не сезініп, не қойғанын, не ойлағанын солар болып баяндайды. Кейіпкерлерінің жан дүниесі, психологиялық құбылыстары, қуаныштары, күйзелістері, мақсаттары мен армандары жазушы назарынан бір сәт қапас кетпейді. Мейлінше көркем, мейлінше айқын сөйлемдер әндетіп терме-жыр айтып отырғандай әсер береді. Қазақ ауыз әдебиетінің ең озық, Шығыс пен Батыс әдебиетінің көркем қара сөз және дастандық үлгілерінің бір-бірінен қабысқан, ұштасқан жерін Ақбілектен көрдім дер едім» [2] – деп кезінде жазушы Сайын Мұратбеков орынды бағасын берген-ді.

Ақбілектің жаңа өмірі басталған сәттен бастап, оған өздерінің сезімін ашқан Балташ пен Ақбала жаңа заманның адамдары ретінде көрінеді. Жаңа өмірдің салтына қадам басқан Ақбілек өмір белесіне қол ұстасып, қатар қадам басар серік іздеген сәтте өмір-тағдыр қос таңдауды алға тосады. Ақбілек тағдырдың талқысына түскен өмір атты қиын да қызықты құбылыстың қилы қиындықтарынан өткен жан ретінде, адалдық пен адамдыққа бас ұрады. Сөйтіп, көрсеқызар Ақбаладан гөрі, азаматтығы адамдығымен ас-тасқан Балташты таңдайды.

«Ақбілек» романы – қазақ халқының ұлы өзгерістер тұсындағы қасірет-тауқыметін, жаңа өмірге бет бұрысын қарапайым қазақ қызының тағдыр-талайы, талғам-танымы арқылы кең көлемде көрсеткен толымды туынды» [3, 176].

Бұл шығарма туралы академик С. Қирабаев мынадай тұжырым жасағанды: «Қазақ романының алғашқы үлгілерінің бірі бола тұрса да, Жүсіпбектің бұл жанрдағы ізденісінде «Ақбілек» көрнекті орын алады. ...ол бұл шығармасында адам характерін тереңірек ашуға, кейіпкердің психологиялық жайларын толықтыруға көбірек көңіл бөлді. Жазушы суреткерлігі де артып, оның авторлық позициясы айқындала түсті. Сондықтан «Ақбілек» қазақ романының туу тарихында да, жазушы шығармашылығында да алғашқы кесек үлгі болып саналады» [3, 376].

Біздің бұған қосарымыз, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» атты классикалық шығарма-

сы қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін кең түрде жан-жақты ашып, айшықты сомдаған тұңғыш көлемді көркем туынды. Оған талас болмаса ке-

рек-ті. Жүсіпбек Аймауытов шығармашылық шеберлігінің мың сан шындығының бір сыры осында жатыр.

Әдебиеттер

- 1 Тұрысбек Р. Ұлттық проза және «Ақбілек» әлемі // Ақиқат. – 2010. – № 12. – 58-69 бб.
- 2 Мұратбеков С. Қазақ романы және «Ақбілек» // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 28 мамыр.
- 3 Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 176-376 бб.
- 4 Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, – 2007. Т. 4. – 424 б.

References

- 1 Tyrusbek R. Ulttuk proza zhane «Akhbilek» alemi // Akikat. – 2010. – № 12. – 58-69 bb.
- 2 Myratbekov S. Khazakh romanu zhane «Akhbilek» // Khazakh adebieti. – 2004. – 28 b.
- 3 Abdimanuly O. Khazakh adebietindegi ulttyk ruh. – Almaty: Khazakh universiteti, 2010. – 176-376 bb.
- 4 Khirabaev S. Kop tomduk shugarmalar zhinagu. – Almaty: «Khazugyrt» baspasu, – 2007. T. 4. – 424 b.